

Жол картасының бағыттарын іске асыру шеңберінде техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға 2009-2010 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2009 жылғы 16 маусымдағы № 2102 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 27 шілдеде № 2052 тіркелді. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Маңғыстау облысы әкімшілігінің 2013 жылғы 28 маусымдағы N 08-18-838 хатымен)

Ескерту. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Маңғыстау облысы әкімшілігінің 2013 жылғы 28 маусымдағы N 08-18-838 х а т ы м е н)

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзін басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 наурыздағы № 274 «Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына жолдауын іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылға арналған іс - қимыл жоспарын (Жол картасын) орындау жөніндегі іс - шаралар жоспарын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, облыс әкімдігі **Қ А У Л Ы Е Т Е Д І:**

1. Қосымшаға сәйкес Жол картасының бағыттарын іске асыру шеңберінде техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға 2009-2010 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. Маңғыстау облысының қаржы басқармасы (М.Б. Әлібекова) кадрлар даярлауға көзделген қаржыландыру жоспары шегінде бағдарламаның әкімшісі – Маңғыстау облысының білім басқармасын қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Маңғыстау облысының білім басқармасы (Қ.Б. Жұмашев) Жол картасының бағыттарын іске асыру шеңберінде техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға 2009-2010 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалауын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ж.А. Қараевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ. Көшербаев

« К Е Л І С І Л Д І »

Маңғыстау облысы қаржы
басқармасының бастығы
М . Б . Ә л і б е к о в а

16 маусым 2009 жыл

Маңғыстау облысы білім
басқармасының бастығы
Қ . Б . Ж ұ м а ш е в

16 маусым 2009 жыл

Маңғыстау облысы
жұмыспен қамтуды үйлестіру
және әлеуметтік бағдарламалар
басқармасының бастығы
Г . М . Қ а л м ұ р а т о в а

16 маусым 2009 ж.

Маңғыстау облысы экономика
және бюджеттік жоспарлау
басқармасының бастығы
Х . Х . Н ұ р ғ а л и е в а

16 маусым 2009 жыл

Маңғыстау облысы
кәсіпкерлік және өнеркәсіп
басқармасының бастығы
Л . О . О л ж а б а е в а

16 маусым 2009 ж.

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2009 жылғы 16 маусымдағы
№ 2102 қаулысына
қосымша

Жол картасының бағыттарын іске асыру шеңберінде техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға 2009-2010 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Мамандық пен кәсіптің коды мен аты	Оқушылар саны	Базалық білімі	Оқыту тілі	Оқу мерзімі
1. « № 1 кәсіптік лицейі » МКҚК					

	1013000 Механоөңдеу, өлшеуіш-бақылау приборлары және машина жасау автоматикасы 101306 2 Бақылау өлшеу аспаптары және автоматика бойынша слесары	25	11 сынып	қазақ-ша	1 жыл 10 ай
	Жиыны:	25			
2. «Жаңаөзен кәсіптік лицейі» МКҚК					
	1401000 Үйлер мен ғимараттарды 140110 2 Плитамен қаптаушы	25	11 сынып	қазақ-ша	10 ай
	Жиыны:	25			
	Кәсіптік лицейлер бойынша жиыны:	50			
3. «Маңғыстау энергетикалық колледжі» МКҚК					
	0901000 Электростанциялардың электрожабдықтары, кіші станциялар және желілер (түрлері бойынша): 090104 3 Техник-электрик	25	11 сынып	орысша	2 жыл 6 ай
	0902000 Электрмен қамтамасыз ету (салалары бойынша): 090204 3 Техник-электрик	25	11 сынып	орысша	2 жыл 6 ай
	1014000 Машина құрылысының технологиясы (түрлері бойынша): 101402 3 Техник-механик	25	11 сынып	орысша	2 жыл 6 ай
	0816000 Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша): 081604 3 Техник-технолог	25	11 сынып	орысша	2 жыл 10 ай
	Жиыны:	100			
4. «Маңғыстау политехникалық колледжі» МКҚК					
	1517000 Төтенше жағдайда қорғану (бейін бойынша): 151703 3 Техник	25	11 сынып	қазақ-ша	2 жыл 10 ай
	0805000 Мұнай мен газды сақтау және тасымалдау: 080502 3 Техник-технолог	25	11 сынып	қазақ-ша	2 жыл 10 ай
	1201000 Автокөлікті жөндеу, пайдалану және қызмет көрсету: 120112 3 Техник - механик	25	11 сынып	орысша	2 жыл 10 ай
	1203000 Теміржол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру және басқару: 120305 3 Техник	25	11 сынып	қазақ-ша	2 жыл 10 ай

	1410000 Автомобиль жолдары мен аэродромдар салу және пайдалану: 141001 3 Құрылысшы-техник	25	11 сынып	қазақ-ша	2 жыл 6 ай
	Жиыны:	125			
5. «Маңғыстау техникалық колледжі» МКҚК					
	1114000 Пісіру ісі (түрлері бойынша): 111406 3 Техник-механик	25	11 сынып	қазақ-ша	2 жыл 6 ай
	1401000 Үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану: 140121 3 Құрылыс-техникі	25	11 сынып	қазақ-ша	2 жыл 6 ай
	Жиыны:	50			
6. «Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы атындағы Жаңаөзен мұнай және газ колледжі» МКҚК					
	0807000 Мұнай және газ өнімдерін техникалық жабдықтарды жөндеу және қызмет көрсету: 080703 3 Техник-механик	50	11 сынып	қазақ-ша	2 жыл 10 ай
	0808000 Мұнай өңдейтін және химиялық өнеркәсіп жабдықтарын техникалық күту және жөндеу (түрлері бойынша): 080803 3 Техник-механик	25	11 сынып	қазақ-ша	2 жыл 10 ай
	Жиыны:	75			
7. «Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің колледжі» РМҚК					
	1401000 Үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану: 140121 3 Құрылыс-техникі	25	11 сынып	орысша	2 жыл 6 ай
	0809000 Мұнай және газ кен орындарын пайдалану (бейін бойынша): 080922 3 Техник-технолог	25	11 сынып	қазақ-ша	2 жыл 10 ай
	1201000 Автокөлікті жөндеу, пайдалану және қызмет көрсету 120112 3 Техник - механик	25	11 сынып	орысша	2 жыл 10 ай
	0802000 Мұнай-газ құбырлары мен қоймаларын салу және пайдалану: 080204 3 Техник-механик	25	11 сынып	орысша	2 жыл 10 ай

	Жиыны:	100			
	Мемлекеттік колледждер бойынша жиыны :	450			
8. «Жанаөзен политехникалық колледжі» ЖШС					
	1401000 Үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану : 140121 3 Құрылыс-технигі	25	11 сынып	қа - зақ-ша	2 жыл 6 ай
	1304000 Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру (түрлері бойынша): 130407 3 Техник-электроник	25	11 сынып	қа - зақ-ша	2 жыл 10 ай
	Жиыны:	50			
9. «Қазақстандық қазіргі заман «Болашақ» академиясының колледжі» мекемесі					
	1401000 Үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану: 140121 3 Құрылыс-технигі	25	11 сынып	қазақ-ша	2 жыл 6 ай
	1107000 Көтергіш көлік, құрылыс жол машиналары мен жабдықтарын техникалық пайдалану (салалар бойынша) : 110704 3 Техник-механик	25	11 сынып	қазақ-ша	2 жыл 6 ай
	1204000 Су көлікті пайдалану (бейін бойынша): 120410 3 Кеме жүргізуші-техник 120407 3 (Кеме) механигі 120408 3 (Кеме) электромеханигі	25 25 25	11 сынып 11 сынып 11 сынып	орысша орысша орысша	2 жыл 6 ай 2 жыл 10 ай 2 жыл 10 ай
	Жиыны:	125			
10. «Каспий педагогика және салалық технологиялар колледжі» ЖШС					
	1410000 Автомобиль жолдары мен аэродромдар салу және пайдалану: 141001 3 Құрылысшы-техник	25	11 сынып	қазақ-ша	2 жыл 6 ай
	0507000 Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсетуді ұйымдастыру: 050705 3 Әкімшілік 050706 3 Қызмет көрсетуші менеджер	25 25	11 сынып 11 сынып	қазақ-ша қазақ-ша	10 ай 2 жыл 6 ай
	Жиыны:	75			
11. «М.					

Тынышпаев
атындағы Қазақ
көлік және
коммуникациялар
академиясы» АҚ
филиалы Ақтау
колледжі

1108000 Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану және техникалық қызмет көрсету (түрлері бойынша): 110821 3 Электромеханик	25	11 сынып	қазақ-ша	2 жыл 10 ай
1409000 Темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы: 140905 3 Құрылысшы-техник	25	11 сынып	қазақ-ша	2 жыл 10 ай
1303000 Темір жол қозғалысында автоматика, телемеханиканы басқару: 130304 3 Электромеханик	25	11 сынып	қазақ-ша	2 жыл 10 ай
1202000 Жолаушылар мен жүкті тасымалдауды ұйымдастыру (салалар бойынша): 120206 3 Техник	25	11 сынып	қазақ-ша	2 жыл 10 ай
Жиыны:	100			
Мемлекеттік емес колледждер бойынша жиыны:	350			
Облыс бойынша:	850			

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

МКҚК – Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын

РМҚК — Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын

ЖШС – Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

АҚ – Акционерлік қоғам